

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жансая»
облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2025 жылғы
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Кентау қаласы

04.08.2025 жыл

Кіріспе бөлім:

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі-ішкі
талдау) жүргізу негіздеме:**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы 410-V ҚРЗ заңы;

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау жүргізу «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының басшысының міндетін атқарушы Жұрұмбаева Жанар Айдарқызының 25.06.2025 жылғы №62 н/қ бұйрығымен бекітілген жұмысшы топ: кәсіпорын басшы орынбасары М.П. Байжуматова, кәсіподақ төрайымы К.Т.Абиханова, кәсіпорынның есепшісі Э.О.Бекназарова, кәсіпорынның мамандар бөлім инспекторы Г.Н. Балабиева, кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу есепшісі Қ.Уытовпен құрамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік орган ережесіне сәйкес, «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК-ның қызметіне және оған байланысты нормативті- құқықтық актілеріне сәйкес мына қызметтер талданды:

Шығарылған бұйрықтар, лауазымдық міндеттемелер, штаттық кесте, тарификация, хаттамалар, анықтамалар, мемлекеттік сатып алулар бойынша шарттар, орындалған жұмыстар актілері, орындалған қызметтерге жеткізілген тауарларға төленген төлем құжаттары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының талаптары туралы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗКР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы туралы.

2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты.

1. Мекеме туралы Ереже (Жарғы);
2. Персоналды басқару;
3. Мүдделер қақтығысын реттеу;
4. Тәртіптік жауапкершілікке тарту;
5. Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу, сондай-ақ Мемлекеттік мекемелермен жасалған қағаз нұсқадағы келісімшарттар;
8. Лауазымдық нұсқаулық;
9. Мемлекеттік сатып алулар;
10. Мекемеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініш, арыз-шағымдар.

Есептік талдау кезеңі: 2024 жыл - 2025 жылдың 13 тамызы;

Ішкі талдау жүргізу мерзімі : 02.07.2025 – 13.08.2025 ж.

(25.06.2025 жылғы № 62 н/к бұйрығының № 2 қосымшадағы, ішкі талдау бойынша іс-шара жоспарына сәйкес)

1. Кәсіпорынға бөлінген бюджет қаражатын және мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу бойынша:

Кәсіпорынға бөлінген бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды, тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу бойынша, заңға сай жылдық жоспар бекітіліп, электрондық веб-порталда жарияланады. Осыған орай, барлық мемлекеттік сатып алулар, бекітілген жылдық жоспарға сай жүзеге асырылады. Өткізілетін мемлекеттік сатып алулардың барлық тәсілдері, сондай-ақ конкурстық құжаттамалар, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырулар, конкурсқа қатысуға өтінімді ашу, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамалар Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ашық өткізіледі.

Кәсіпорында негізгі қызметін жүргізу мақсатында есепті мерзімде 116 мемлекеттік сатып алу жұмысы Заңға сәйкес өткізіліп, шарттар жасалды.

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын дискрециялық өкілеттітер анықталған жоқ.

Ұсыным:

Кәсіпорын «Электронды дүкен» порталында «котельная блочно-модульная», «газбен жылыту пештері», «насос», «горелка», «құбырлар» тармақтарын жарияланған. 29.07.2024 жылы қорытындылар туралы есебі шыққан.

Нәтижесінде, кәсіпорын "Промтех-Эксклюзив" ЖШС-мен №010840002383/240094/00 01.08.2024ж «Электронды дүкен» арқылы шартын жасасқан. "Промтех-Эксклюзив" 2025 жылдың 14 тамызда №240094/00/1 тауарларды қабылдап алу/өткізу актісі бекітілді.

Себебі: «Электронды дүкен» бәсекелестік әдіс болып табылғандықтан және тауарлары отандық өнім өндіруші болып табылғандықтан шарт жасалды.

Атап айтсақ баға ұсыныстары арқылы сатып алу өткізген жағдайда;

- Хабарландыру 3 жұмыс күн порталда тұрады;
- Қорытынды шыққаннан кейін келісім шарт өнім берушіге жіберіледі;
- Өнім беруші 5 күн ішінде келісім береді;
- Келісім шартқа қол қойып өнім берушіге жіберіледі;
- Өнім беруші 3 жұмыс күні ішінде қол қояды.

Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін 3 % төлеуге берілетін уақыт 10 жұмыс күн, ол кезде 3 % құймаса тағы 2 жұмыс күн уақыт беріледі. Өнім беруші 3 % төлемесе екінші өнім берушіге жіберіледі келісім шарт ол жақтада осындай уақыт алады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 41-бабының 4-тармағына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу

тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген заң талаптарын негізге алып сатып алуға мүмкіншілік болмаған жағдайда, бір көзден келісім шартқа тұруға ықпал жасалыну қажет.

2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы, қабылдануы:

Кәсіпорынның 2025 жылғы штаттық кестесі 195,0 болып бекітілген. Оның ішінде дәрігерлер саны- 18,25; қоғамдық денсаулық мамандары -2,75; орта буын мейіргерлері -60,5; кіші мейіргерлер -37,0; педагогтар (Логопед, дефектолог, психолог, монтессори мамандары, тәрбиешілер) -39,0; әкімшілік - 10,0; шаруашылық бөлім қызметкерлері -27,5. Бос лауазым 2 дәрігер (1 невролог, 1 реабилитолог), enbek.kz порталына қойылған, Тоқсандық СУР есебінде көрсетілген. Бүгінгі таңда 169 қызметкер жұмыс атқаруда, жүктілікке және бала күтіміндегі ақысыз демалысындағы қызметкерлердің орнына, уақытша жұмысқа қабылдау еңбекпен қамтамасыз ету орталығының жолдамасымен және біліктілігін тексеру, кәсіпорынның басшысының 05.01.2025 жылғы № 06 н/қ бұйрығымен бекітілген (Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлердің біліктілігін бағалау) комиссиясы шешімімен қабылданады.

Медициналық мекеме бос орын туралы enbek.kz сайтына хабарландыру жариялайды.

Мамандардың ішкі ауысуы, міндетін жүктеу жариялаумен және басшының орынбасарымен, бөлім меңгерушілерінің өндірістік қажеттілікке байланысты мәлімдемелерімен жүзеге асырылады.

Қызметкерлер лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес қызмет атқарады.

Жұмысшы топпен туыстық немесе басқада қатынастары бойынша ішкі талдау барысында, теріс өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар орын алмаған.

Кәсіпорын басшысымен, басшының орынбасарының азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күндерінің кестесі бекітілген және сол кестеге сәйкес қабылдау жүргізілуде.

Кәсіпорын ғимаратында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексінің мәтіні және көрнекті түрде «Азаматтардың арыз-шағымдарын қалдыруға арналған жәшік» орнатылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының бірінші орынбасарының 2023 жылғы 17 тамыздағы №3-3-2/7159-И санды хатына сәйкес Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Жансая" облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары, міндеттері «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасымен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығының негізінде әзірленетіндігін және кәсіпорын басшыларының лауазымдық нұсқаулықтары осы нормативті-құқықты актіге сәйкес келетіндігін хабарлаймыз.

3.Мүдделер қақтығысын реттеу:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы 410-V ҚРЗ заңына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-319/2020 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және кәсіпорынның мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережесіне сәйкес жүргізілуде.

Кәсіпорында мүдделер қақтығысы орын алмаған, сыбайлас жемқорлықтың көріністері осы ішкі талдау жүргізу мерзімінде байқалмады.

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

Кәсіпорынның "Акмарал" ЖК-мен түзген №010840002383/240104/00 110 шартының «Баға ұсыныстарын сұрату әдісі» арқылы жасалғаны анықталды.

"Акмарал" ЖК –і ішкі өрт сөндіру крандарын сынақтан өткізу қызметтеріне 2024 жылдың 17 қыркүйекте № 240104/00/3 орындалған қызметтер актісін жіберген. Тапсырыс беруші тарапынан 2024 жылдың 17 желтоқсанда төлем құжатқа сәйкес ақшасы аударылған.

Аталған келісімшарт мемлекеттік сатып алу Заңның (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 540 тармақшасын) бұзылуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648

бұйрығының 540 тармағының 1),2),3),4),5) тармақшаларына сәйкес реттілікпен жүргізуге тиіс.

Кәсіпорынның "Арнат» ЖК-мен түзген №010840002383/240098/00 104 шартының «Электронды дүкен әдісі» арқылы жасалғаны анықталды. «Арнат» ЖК-і 2024 жылдың 13 қарашада № 240098/00/1 тауарларды қабылдап алу- өткізу актісін жіберген. Алайда, тапсырыс беруші тарапынан 2024 жылдың 17 желтоқсанда төлем құжатқа сәйкес ақшасы аударылған. Аталған келісімшарт мемлекеттік сатып алу Заңның (*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 540 тармақшасын*) бұзылуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының 540 тармағының 1),2),3),4),5) тармақшаларына сәйкес реттілікпен жүргізуге міндеттеледі.

«Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы»» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бап 3 тармақ 28) тармақшасын негізге алып оқу, біліктілігін артыру семинарларды бір көзден келісім шартқа отыруға мүмкіншілін беру жолдары;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру;
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;
4. Қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіре отырып жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде заңдылықты қамтамасыз ету;

Қорытынды:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК.


1. Орталықтың тех.персоналына сауықтыру жәрдемақысы төленбейтіндігі анықталған.

2. Мекемеге қызметкерлер қабылдау кезіндегі бұйрықтары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптарына сай емес.


3. Мекемелермен жасалған келісім шарттарда «Электронды дүкен» және «Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу» әдістері арқылы жүргізілген фактілер орын алған, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.

Жұмыс тобының мүшелері:

М.Байжуматова 

К. Абиханова 

Г. Балабиева 

Э. Бекназарова 

Қ.Уытов 